

Қосарал ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 21 "Қосарал селолық округінің Кеңарал селосының құрамдас бөліктердің атауы туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы Қосарал ауылдық округінің әкімінің 2014 жылғы 28 мамырдағы № 4 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 маусымда № 4849 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес, Қосарал ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы** :

1. Қосарал ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 21 "Қосарал селолық округінің Кеңарал селосының құрамдас бөліктердің атауы туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-20-87 тіркелген, 2009 жылғы 22 қаңтарда "Федоровские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабына сәйкес, Кеңарал селосы тұрғындарының пікірін ескере отырып Қосарал ауылдық округінің әкімі **Ш Е Ш І М Қ А Б Ы Л Д А Д Ы** : "

шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селолық", " селосының", "селосы" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылының", "ауылы" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

көрсетілген шешімнің қосымшасында мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтін бойынша " селосының", "селолық" деген сөздер тиісінше "ауылының", "ауылдық" деген сөздермен ауыстырылып өзгерістер енгізілсін;

орыс тіліндегі мәтін өзгертілмейді.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қосарал ауылдық округінің әкімі *О. Зубкова*